АЙРЫҚША СЫНАҚ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖЕМІСІ

Мақсұт НӘРІКБАЕВ,
“Әділет” демократиялық партиясының төрағасы.

Біздің еліміздің тәуелсіздік алғаннан бергі жеткен ең үлкен жетістіктерінің, шыққан ең үлкен биіктерінің бірі, менің ойымша, биылғы саммит болып табылады. Мен оның өтпей қалу ықтималдығы туралы қазір күмәнданбаймын, бірақ біздің қоғамымызда оның болғанын қаламайтын немесе дұрыс өтпегенін қалайтын күштердің бар екенін айтуға тиістімін. Аяқтан шалғысы келіп тұратын ондайлар еліміз бір жаман атаққа іліксе екен, әлемдік форум ойдағыдай өтпесе екен деп күпіршілікке барады. Мұндайлар біздің Отанымыздың дамып, әлемге танылғанынан билікке деген қара басының өкпесін жоғары қояды. Қазақстанның азаматы бола тұра сондай пікірлер айту жалпы елге жамандық тілегенмен бірдей емес пе. Мұндайда кандай өкпең болса да елің үшін ұмыту керек қой.

ЕҚЫҰ — дүниежүзілік үлкен ұйымдардың бірі, онын өзіндік тарихы бар. Қазақстан секілді жас елдің осындай Ұйымға төрағалық ету мүмкіндігін алудың өзі — үлкен жетістік. Ал енді оның 11 жыл бойы болмаған саммитін ұйымдастыру — әлем тарихынын алдындағы үлкен ерлік. Бұл біздің халқымыз үшін мақтаныш ететін табыс деп есептеймін. Сондықтан біздің отандастарымыз барлық ойпиғылдарымен осы саммиттің елімізде жоғары деңгейде өтуін тілеуі керек. Әркім өзінің отырған орнында, өзінің отбасында соған тілекші болып, үлес қосуға ұмтылулары керек.

Мұндай бақ бізге бекерден бекер келіп жатқан жоқ. Кейбіреулер бұл біздің мұнайымыздың және басқа да жер қойнауындағы байлықтарымыздың арқасы дегенді айтады. Әрине, олар да өзінің игі ықпалын тигізген шығар, бірақ дәл сондай мұнайы, жер асты байлығы мол мемлекеттер аз ба? Тіпті сол, Кенес Одағының орнында пайда болған мемлекеттердің өзінде де байлық жеткілікті ғой. Мысалы, Ресейді алайықшы. Ендеше, неге сол Ресей төраға болмады, неге ол өзін ұсынбады?

Кейбіреулер біз ЕҚЫҰ төрағасы болуға дайын емеспіз, бізде демократиялық шарттарға сәйкес келмейтін мәселелер бар дейді. Мәселе онда емес. Осыдан екі жыл бұрын ЕҚЫҰ басшыларының бірі біздегі саяси партиялар жетекшілерімен кездескен еді. Сол кездесуде біздегі радикалды оппозиционерміз деп жүрген партиялардың бірінің төрағасы мынадай сұрақ қойды: “Бізде адам құқы мынадай-мынадай салаларда сақталмайды, жиі бұзылады. Фактілер жеткілікті. Билік өзінің Испанияда берген уәдесін орындамай отыр. Осыған қалай қарайсыз?” — деді. Сонда Ұйымның сол кездегі басшысы: “Егер Қазақстан Еуроодақ елдерінің бірі болса, онда мына мемлекет біздің ұстанымымызды толық орындамай отыр деп мәселе көтеруге болар еді. Ал мына тізге тиек етіп отырған құрылымыныз сол кездегі төрағасының біздің мүмкіндіктерімізге әділ көзбен қарағанына риза болдым. Ол Қазақстанда ЕҚЫҰ шарттарын орындауға, оның мақсаттарын іске асыруға деген ұмтылыстың бар екенін жоғары бағалап тұр. “Қазақстан демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құрамыз деп Ата Заңына жазып қойған. Қазақстан сол Ата Заңдағы мақсаттарды орындауға негіз болатын заңдар қабылдап, соған сәйкес құрылымдар құрып, соған сәйкес келетін саяси өзгерістер жасап жатқан мемлекет”, — деп жауап берді.

Ал, біздегі кейбір саясаткерлердің Конституцияның 1-бабында жазылған талаптар бірден орындалмай қалды деген сындары тіптен орынсыз. Осы жақын арада біз адам құқықтарын қорғау жөніндегі еліміздегі жағдай туралы баяндаманы тыңдадық. Оған Еуроодақ елдерінің, соның ішінде Ұлыбританияның елшісі қатысты. Сол елші осындай құжаттың өзін дайындау кез келген мемлекеттің қолынан келе бермейтінін ашық айтты. Ал біз осындай баяндаманы жасап жүргенімізге төрт жыл болыпты. Сол баяндамалардағы адам құқығын қорғау жөніндегі кемшіліктерді ешкімнен жасырмай айтып жүр екенбіз. Мәселен, бізде мынадай-мынадай заң бұзушылықтар бар, бірақ соған қарсы қолдаймыз. Ал адам құқығын толық қорғау мәселесі бір күнде орындалмайтын мәселе”, — деген еді.

Шынында да, кеше ғана тоталитарлық жүйеден, жалғыз партиялық коммунистік режімнің тәртібінен босаған елде сол кездерде өмір сүрген адамдардың психологиясын өзгерту деген бір күнде, бір жылда, тіпті он жылда да жүзеге аса қоятын оңай мәселе емес қой. Сұңғыла саясаткерлер осыны жақсы түсініп отыр. Сондықтан, мен ЕҚЫҰ-ға төраға болып отырған мемлекеттің қалдырған ізі, кейінгілердің одан алатын үлгісі болуы керек. Осы тұрғыда Қазақстан жасаған істерімізді ұялмай көрсетіп, басқаларға үлгі болуға әбден лайық деп айта аламыз. Бұл арада алдымен біздегі этносаралық, дінаралық қатынастардағы ауызбірлік, татулық, тыныштық мәселесі адамын ауызға оралады. Мұндай іс барлық көпэтносты, көпконфессиялы мемлекеттердің қолынан келіп жатқан жоқ. Біз осы мәселе бойынша күннен-күнге дүние жүзінің бір орталығы болып бара жатырмыз. Әйім солай болсын.

Жалпы, бізде демократиялық институттардың бәрі бар. Тек соларды жөнімен қолдана білу керек. Кейде барлық нәрсені біржақты “қара” немесе біржақты “ақ” деп қана қабылдайтындар бар.

Қазір дүние жүзіндегі ішкі ісінде де, өзара да бірбірімен алауыз болған мемлекеттер бізге қарайтын болды. Өйткені, біздегі ауызбіршіліктің үлгісін ЕҚЫҰ төрағасы ретінде біз әлемге таратып жатырмыз. Әлі көресіздер, көптеген мемлекеттер кейін біздің осы үлгіміздің өздеріне енгізе бастайды. Оған менің ешқандай күмәнім жоқ, өйткені, көптеген мемлекеттерде дінаралық, ұлтаралық шиеленістердің салдарынан әлі күнге қырғындар болып жатыр. Мысал үшін біздің көршіміз — Қырғызстанды алсақ та жеткілікті ғой деп ойлаймын.

Біздің тәуелсіздік алған 19 жылымыздың 7-8 жылы жығылып қалған жерімізден тізерлеп тұруға ғана кетті. Сол кездерде тоталитарлық жүйеден нарықтық экономикаға көшу тетіктерін жасайтын жаңа заңдар қабылдау керек болды. Оны жасай алатын, іске асыра алатын білікті азаматтар табу керек болды. Қалыптасып қалған жүйені бұзу қиын жолмен іске асты. Соның салдарынан жатқан өзгерістерді, міне, осылардың барлығын біз саралап, халыққа ашық айтудамыз. Мен алдымыздағы саммитке сындар айтып, ЕҚЫҰ төрағалығына сәйкес емеспіз дегендерге осылай жауап берер едім.

Үшінші мәселе, ЕҚЫҰ-ға төраға болып отырған мемлекеттің қалдырған ізі, кейінгілердің одан алатын үлгісі болуы керек. Осы тұрғыда Қазақстан жасаған істерімізді ұялмай көрсетіп, басқаларға үлгі болуға әбден лайық деп айта аламыз. Бұл арада алдымен біздегі этносаралық, дінаралық қатынастардағы ауызбірлік, татулық, тыныштық мәселесі адамын ауызға оралады. Мұндай іс барлық көпэтносты, көпконфессиялы мемлекеттердің қолынан келіп жатқан жоқ. Біз осы мәселе бойынша күннен-күнге дүние жүзінің бір орталығы болып бара жатырмыз. Әйім солай болсын.

Қазір дүние жүзіндегі ішкі ісінде де, өзара да бірбірімен алауыз болған мемлекеттер бізге қарайтын болды. Өйткені, біздегі ауызбіршіліктің үлгісін ЕҚЫҰ төрағасы ретінде біз әлемге таратып жатырмыз. Әлі көресіздер, көптеген мемлекеттер кейін біздің осы үлгіміздің өздеріне енгізе бастайды. Оған менің ешқандай күмәнім жоқ, өйткені, көптеген мемлекеттерде дінаралық, ұлтаралық шиеленістердің салдарынан әлі күнге қырғындар болып жатыр. Мысал үшін біздің көршіміз — Қырғызстанды алсақ та жеткілікті ғой деп ойлаймын.

Біздің тәуелсіздік алған 19 жылымыздың 7-8 жылы жығылып қалған жерімізден тізерлеп тұруға ғана кетті. Сол кездерде тоталитарлық жүйеден нарықтық экономикаға көшу тетіктерін жасайтын жаңа заңдар қабылдау керек болды. Оны жасай алатын, іске асыра алатын білікті азаматтар табу керек болды. Қалыптасып қалған жүйені бұзу қиын жолмен іске асты. Соның салдарынан Кенес Одағы күйрегеннен кейін етті Голландиядан, астықты Канададан ала бастады. Ана жақтан алса кәсіпкерлеріне пайда көбірек түсетін болды. Міне, осындай қиындықтармен жүріп 7-8 жылымыз, жоғарыда айтқанымдай, таза аяқтан тұруға ғана кетті. Тек содан кейін ғана біз саяси жүйені жаңалауға кірістік. Соған қарамай, қазір дүние жүзі таңқалатындай жағдайға жеттік. Әлеуметтік тұрғыдан алға шықтық. Міне, осы жетістіктер басқаларға үлгі емес пе? Тіпті кейбір мәселелерде біз еуропалық елдердің өзін артта қалдырдық.

Мәселен, Елбасы жуырда Парижде сөйлеген сөзінде Франциядa жасалып жатқан зейнетақы реформасын біз олардан әлдеқайда бұрын жасап кеткенімізді айтты. Ал біз болсақ, енді соның өзін жетілдіре түсуді ойлап отырмыз. Өткенде “Нұр Отан” мен “Әділет” партиялары бірігіп, осы тақырыпта үлкен кеңес өткіздік. Яғни, бүгінгі таңдағы кемістігімізді ашып айтып, соны еңсеруді ақылдастық. “Ауруын жасырған өледі” дейді халқымыздың даналығы. Қоғамда шындықты айтатын, соны түзетуді талап ететін партиялар болмаса, ондай аурулар бітеу жараларға айналып, бір күні бәрібір жарылады. Ал бізде оны айта алатын партиялар бар.

Жалпы, бізде демократиялық институттардың бәрі бар. Тек соларды жөнімен қолдана білу керек. Кейде барлық нәрсені біржақты “қара” немесе біржақты “ақ” деп қана қабылдайтындар бар. Біздің “Әділет” партиясы өзімізді “ақты” да көре білетін және оны оң дейтін, “қараны” да теріс дейтін партиямыз деп есептейміз. Біз өзімізді білікке де, басқа партияларға да оппонентпіз дейміз. Біздің көксегеніміз — заңдылық арқылы әділеттікке жету. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, құдайға шүкір, қазіргі кездегі өсу жолымызда демократиялық қоғам құру мақсатында жасаған жұмыстарымыз аз емес. Кемістігіміз де жеткілікті. Кейбіреулер бәрі бір күнде бола қалса екен деп ойлайды, ондай мүмкін емес қой. Сондықтан да алдағы саммит — біздің мемлекетіміздің, Елбасы Н.Назарбаевтың дұрыс саясатының бірден-бір дәлелі деп есептеймін. Және бүкіл халық болып оның жақсы өтуіне атсалысуымыз керек.

Осы іске байланысты біздің партия не істеп жатыр дегенге келсек, осы ЕҚЫҰ жөнінде төрағалыққа өтердің алдында арнайы үндеу қабылдадық, онда еліміздің ниетіне қолдау білдірдік. Бұл өте дұрыс мәселе, оған жетуіміз керек дегенді айттық. Кейбір партиялар қарсылық білдіріп, сынап жатқанда біздің қолдағанымыз дұрыс болды деп ойлаймын. Кез келген мемлекетте әлеуметтік салада, адам құқығын қорғау мәселесінде әділетсіздікке апаратын әрекеттер болып тұрады. Мысалы, өткенде ғана Франциядa зейнетақы мәселесіне қарсылық

● *Басқа басылымдардан*

ASTANA Summit Dec. 1&2 OSCE KAZAKHSTAN 2010

ҮМІТ ҮНҚАТЫСУ АРҚЫЛЫ АҚТАЛУЫ ТИІС

EuroNews

Ресей Федерациясының ЕҚЫҰ-дағы Тұрақты өкілі Ануар Азимов саммиттің Қазақстан ұсынып отырған қорытынды құжатындағы басымдықтарды РФ-нын қолдайтынын жеткізді.

— Астана саммиті, — дейді тұрақты өкіл, — егер де ЕҚЫҰ жұмысы күн тәртібінің болашаққа негізделіп, алдағы талай жылдарға арналған стратегиясын бекітсе, онда ол әлемдік қоғамдастықтың үмітін ақтағаны. Және сондай-ақ ол саммиттің басты идеясы — еуроатлантикалық және еуразиялық кеңістіктегі ешқандай шекарамен бөлінбейтін біркелкі қауіпсіздікке жетудің маңыздылығына шек келтірмеумен қатар, осы іске серпін беру қажеттігін ұғынуда түсіністікке жету көңілдерге қуаныш әкеледі.

Саммитте Қазақстан төрағалығы тұсында ЕҚЫҰ-да пайда болған оң үрдіс ресми деңгейде бекітіліп, Ұйымға мүше елдер қандай да бір кикілжінде, қиын мәселелерде ұнқатысу мүмкіндігін пайдаланудың маңызды екенін айқын ұғынады, деп ойлайды Тұрақты өкіл.

МЕРЗІМІНЕН ЕРТЕ ҚОНАДЫ

интерфакс INTERFAX

Ресей ғарышкері Федор Юрчихин командирі болып табылатын құрамында американдық ғарышкерлер — Шеннон Уолкер мен Дуглас Уилоком бар “Союз ТМА-19” ғарыш кемесі Астанада өткізілетін ЕҚЫҰ Саммитіне байланысты Жерге жоспарланған уақытынан бірнеше күн ерте оралатын болды. Бұл жайында агенттікке Ресейдің ғарыш саласының мамандары хабарлаған.

30 қарашада Жерге оралады деген ғарыш кемесі 26-сы күні келіп қонбақ. Ал ғарыш кемесінің бұлайша жоспарланған мерзімінен ерте қонуы Астана әуе кеңістігінің саммит өткізуге байланысты 30 қараша күндері барлық ұшақтарға, тікұшақтарға жабық болуына байланысты жүзеге асырылмақ.

КҮШЕЙТІЛГЕН НҰСҚАҒА КӨШТІ

ИТАР ТАСС

Саммит өтетін күндері өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздікті сақтау үшін Астанада 557 құтқарушы адамдар мен 95 техника және Төтенше жағдайлар министрлігінің 2 тікұшағы жұмыс істейтін болады.

Министр Божко журналистерге Астана қаласында негізгі және қосымша құтқару қызметтерінің өздерінің жұмыстарын атқару үшін күшейтілген нұсқаға көшірілгенін айтты.

МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЛАР БАРШЫЛЫҚ

— Еуропаның қауіпсіздігі мен өзара келісімпаздығын камтамасыз етуге бағытталған құрылым. Ол өзінің қызметін қоғамдық негізде атқарады. Мұндағы негізгі шарт — құрлықтағы қауіпсіздік, экономика, экология және адам құқығын қорғау мәселелері. Соған бейімделіп келе жатқан елдерді біз мынадан-мынадан іс-шаралар қолданылып жатыр деп ашық баяндап отырмыз.

Соның қатарында түрмедегілердің жағдайын жақсарту мақсатында оларды бақылау Ішкі істер министрлігінен Әділет министрлігіне берілді. Қазіргі кездегі құқық қорғау органдары саласында жасалып

ЫСТАМБҰЛДАН АСТАНАҒА ДЕЙІН

Алғашында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңес болып құрылып, беделді халықаралық Ұйымға айналған құрылым осы 35 жылдың ішінде географиялық қамтылуымен де, әлемдік саясатқа ықпал етуімен де өз позициясын нықтай түскені аян. Әсіресе, оның қанатының кеңге жайылуы өткен ғасырдың 90-шы жылдарына сәйкес келді. Өйткені, бұл кезде әлемнің бет-бейнесі бір-біріне қарамақайшы екі лагерьдің жойылуымен өзгерген болатын. Міне, осы тұста Еуропа елдері Ұйымға қатысты да жаңалықты ойлар қажеттігін ұғынды. Осылайша жаңа Еуропаға арналған Париж Хартиясы өмірге келді. 1990 жылы қабылданған осы хартияда Ұйымға мүше елдер Мемлекет басшыларының саммиті екі жылда бір рет өткізіліп, онда Ұйымның алдағы қадамдарын белгілеу мен өткен оқиғалардың қорытындысын зерделеу үшін жиналып тұру көзделген-тін.

Анар ТӘЛЕУХАНҚЫЗЫ,
"Егемен Қазақстан".

1992 жылы ЕҚЫҰ-ның Хельсинкидегі саммиті басталмастан екі күн бұрын сол кездегі Югославияда соғыс өрті бұрқ ете түскен. Саммитке жиналған мемлекет басшылары аз ұлттардың мәселелері бойынша және Югославиядағыдай жағдайлар орын алмас үшін Гаагада орналасқан Аз ұлттар істері жөніндегі Жоғарғы комиссар қызметін бекітіп, осы жолы жыл сайын өткізілетін ЕҚЫҰ-ның экономикалық форумын ұйымдастыру да қажеттілік деп шешкен еді.

Осы 90-шы жылдары ЕҚЫҰ бойынша Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюро, БАҚ бостандығы жөніндегі өкіл және мүше елдердегі миссиялар немесе Орталықтар құрылды. Олардың мандаттарының да ауқымы кеңейді.

Мұнан соң жоғары деңгейдегі саммит 1994 жылы Будапеште, 1996 жылы Лиссабонда, 1999 жылы Ыстамбұлда өткізілді. Басаяғы алғашында Кеңес, онан соң Ұйым болып құрылған ЕҚЫҰ 6 рет саммит өткізді. Олардың әрқайсында да Ұйымның жұмысына жаңаша бағыт-бағдар берген маңызды құжаттар қабылданды. Алайда, Ыстамбұлдағы саммиттен кейін арада 10 жыл үзіліс орнаған. Оның өткізілмеу себептері де ресми түрде жарияланған жоқ. Екі аралықта төраға болған елдердің шақыру ниеті де бірауыздан қолдау таппаған соң, саммит өткізу ысырылып қала берген. Осыдан кейін ЕҚЫҰ-ның өз ішінде, оған мүшелердің арасында Ұйым тоқырауға ұшырады деген ойлардың да пайда болғаны шындық. Міне, осы орайда, еліміздің төрағалығы тұсында саммит өткізу туралы шешімнің шығуы, оның Астанада шақырылуының еліміз үшін абыройлы да, әрі бір жағынан сын жүгін артатын салмақты шара болатыны айқын. Осылай деп өзімізді бір қамшылап алғанымызбен, ЕҚЫҰ Саммиті алдымен Ұйымның өзіне қажет шара еді.

Арадағы 11 жылғы үзілістен кейін болатын осы жолғы саммит Ыстамбұл мен Астана Саммиті аралығында әлемде болған барлық өзгерістерді осыншалық кең ауқымда зерделеу үшін, тиісінше шешімдер шығару үшін қажет. 56 елдін, оның ішінде бір-бірімен пікірлері керегар болып келетін, ұзаққа созылған кикілжінді орталардың барлығы бірдей қабылдап, қол қоятын құжаттың да оңайлықпен тумасы анық. Бұған Батыстың Шығысты демократияға әлі жете қойған жоқ деген ұғымы мен Шығыстағылардың Батыстағылар Ұйымды бір топ елдердің сыртқы саясаттағы ықпалын күшейтетін құралы ретінде пайдаланғысы келеді, қос стандарттарды пайдалануға болмайды дейтіні де бар екенін қосыңыз. Сондықтан саммит жақындаған сайын, онда қабылданатын құжаттың да оңайға түспейтінін ойлап, жүрек те лүпілдей түседі.

Осы жолғы саммит Ыстамбұл мен Астана Саммиті аралығында әлемде болған барлық өзгерістерді осыншалық кең ауқымда зерделеу үшін, тиісінше шешімдер шығару үшін қажет.

Қалай дегенмен де, Қазақстан төрағалығы Батыс пен Шығысты жақындатуда белгілі бір дәрежеде көпір болғаны анық. Осы мүмкіндікті ЕҚЫҰ да тиімді пайдаланғысы келетіні түсінікті. Сол себептен де Астана Саммиті ең алдымен ЕҚЫҰ-ның өзіне керек деп топшылаймыз.

Жалпы, Кеңес Одағы ыдырауымен әлемнің сырт бейнесі ғана өзгерген жоқ, ішкі мазмұнға да талай өзгерістер енді. Халықаралық аренадағы саяси бәсекелестік жаңа рең алды. Ал ЕҚЫҰ-ға мүше елдер тізімінде осы посткеңестік аймақта өз тәуелсіздігін алып, дербес ішкі және сыртқы саясатын жүргізетін жас мемлекеттердің болуы бұрынғы ойлау жүйесін енді мүлде басқа бағытқа бұрды. Міне, осы орайда, ЕҚЫҰ АҚШ пен Еуроодақтағы елдермен арада және Шығыстағы өзге елдермен, оның ішінде Ресеймен арада қай салада да — ол саяси ма, сауда-экономикалық па қарымқатынастарды, бәсекелестікті әңгіме ететін кәдімгідей ойландыры. Бірігіп күресер, ақылдаса шешер мәселенің саны артты. Қауіпсіздік мәселесінде бұрыннан келе жатқан қару-жарақка бақылау, сенім мен қауіпсіздікті нығайту шараларына қақтығыстан кейінгі реттеу, тероризм, экстремизм, есірткі трафигімен күрес сынды мәселелер қосылды.

Жалпы, Кеңес Одағы ыдырауымен әлемнің сырт бейнесі ғана өзгерген жоқ, ішкі мазмұнға да талай өзгерістер енді. Халықаралық аренадағы саяси бәсекелестік жаңа рең алды.

Ал есірткі трафигі дегенде мешеу жатқан Ауғанстан мәселесі алға шығады. Орталық Азия елдері арқылы осы бір қылмыстық трафикті ұлғайта түскісі келетін қылмыстық топтардың ойларында не жоқ дейсіз?! Олар осы Ауғанстанның жолында жатқан елдердегі мемлекеттік құрылымдарды әлсіретіп, шайқап, ол елдердегі радикалды және экстремистік пиғылдағы әлдекімдердің қолтығына су бұрқуге де әзір еместігіне кім кепіл?! Ойымызға 2009 жылы Ханабадта, яғни Өзбекстан мен Қырғызстан шекарасында болған оқиғаны түсірсек, бұл пікірдің жаны бар екеніне шүбә келмейді. Есірткі бизнесінің тағы бір көленкелі жағы, әрине, оның коррупцияға кеңінен жол ашуы. Себебі, есірткі айналымынан "жуылып, тазарған" қаражаттың қомақты бөлігінің шенеуніктерді сатып алуға жұмсалатыны аян.

Тәраға ел Ауғанстан мәселесін кешенді қарастыруды ұсынды. Себебі, мешеу жатқан, соғыстан экономикасы құрдымға кеткен, соның салдарынан халқы кедейшіліктің таксіретін тарткан елге көмектің сан бағытта жүруі қажеттігін айтқан. Өзі бастап, ауған жастарын Қазақстан жоо-ларында оқытып та жатыр.

Ауғанстанның біздің елімізге тұрмыстық ахуал қиындап кетті. Жұмыссыздық артты, экономикамыз быт-шыт болды. Астығымыз, мал шаруашылығы өнімдері, жер қойнауындағы байлығымыз ешкімге керек болмай қалды. Көршілес Өзбекстанның өзі бұрын 90 пайыз етін, 100 пайыз астығын Қазақстаннан алатын болса, енді басын қатырған шаруалардың бір орнынан жылжуына көп еңбектенді. ЕҚЫҰ-ның Іс басындағы тәрағасы, еліміздің Мемлекеттік хатшысы — Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев осындай созылмалы сырқатқа шалдыққан аймақтарда болып, күрмеуі қиын мәселелерді шешуге қарсы жақтарды араағайындармен бірге ұқтатысуға шақырды.

Ресейлік белгілі саясаттанушы ғалым Алексей Власовтың сөзімен айтсақ, Астраханьда Ресей, Әзірбайжан және Армения президенттерінің кездесуі осы үш елдің Таулы Қарабақ мәселесінде кең ауқымдағы бір келісімге келу жолдарын іздеу қажеттігін түсінгендігін көрсетсе, ал бір жағынан Таулы Қарабақ мәселесін толық шешудің қиын да күрделі болғандығын байқатты. Осы тұрғыдан алғанда, дейді ғалым, Астана Саммиті бұл үдеріске қажетті серпін беріп қана қоймай, оның практикалық шешімдер табуына көмектеседі деп ойлаймын. Бұл— ЕҚЫҰ аумағында осы мәселемен арнайы айналысатын Минск тобының соңғы жылдары қол жеткізе алмай жүрген ісі. Сонымен бірге, Алексей Власов: "Алдымен саммиттің тәрағалық етуші елдің жерінде өткізілуі назар аударатын жәйт. Бұл — Астананың ЕҚЫҰ-ның ішкі дамуының динамикасын ұстап тұруына және оның базалық қызметтерін атқарудағы мөлдірлігі мен тепе-теңдігінен айнымауына көрсетілген бағалау. Сөз жоқ, 2010 жылы ұзаққа созылған кикілжінді реттеу алаңдарында Астана басты ойыншының бірі болды", дейді.

Расында, әлемді ойлантар жаңа қауіп-қатерлер жетерлік. Оған ЕҚЫҰ-ның үш себетіндегі мәселелерді оң шешу арқылы жауап беруге болады.

Ал көптен бері өткізілмеген саммитке Астанада жиналудың өзі, бір жағынан, Ұйымның жоғарыда айтылған тоқыраудан шығуының әрі 56 елдің әлемдік қауіпсіздік пен ынтымақтастық мәселесін біріге отырып жоғары деңгейде қарау қажеттігін ұғынудың да бір белгісі болса керек. Сонымен қатар, еліміздің өз тәрағалығын адамзаттық игілік жолында адал атқаруының да дәлелі екені сөзсіз. Оның артында халқымыздың "Елдестірмек — елшіден" дейтін ұлттық дипломатиясы, мемлекетіміздің ұстанған көпвекторлы саясаты, іштегі тұрақтылық пен ешкімді де сыртқа теппейтін кеңпейілділігі мен тәуелсіз Қазақстанның саясатта, экономикада, әлеуметтік-гуманитарлық және қауіпсіздік мәселелерінде интеграцияға ұмтылған сарабдал саясаты жатқаны анық.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев "Euronews" телеарнасының тілшісіне берген сұхбатында: "...Қазақстан ЕҚЫҰ кеңістігіндегі түрлі құрылымдардың белсенді қатысушысы және өзге де "бәсекелес" ұйымдарға кіретін мемлекеттермен тығыз әрекеттестікте бола отырып, ешкімді алаламайтын бағыт ұстануға болатынын және солай істеу қажет екенін айғақтап берді", дейді.

Шынында, келер жылы ИКҰ тәрағалығына кірісетін, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес сынды үлкен ұйым құрылуының бастаушысы Қазақстан ЕҚЫҰ тәрағалығын атқарған тұсында Ұйымның азиялық бағытқа жүзін бұруына мол үлес қосты. Ұйымда Азиядағы әріптестермен жұмыс жасайтын Жеке өкілі етіп түрік дипломаты Э.Тезгюрді тағайындады. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы еуроатлантикалық аймақтан еуразиялық кеңістіктегі қауіпсіздік пен ынтымақтастық мәселелерін бұдан былай назардан тыс қалдырмай ұстайтын болса, онда Қазақстан тәрағалығының үлесі зор екені күмәнсіз.

Расында, әлемді ойлантар жаңа қауіп-қатерлер жетерлік. Оған ЕҚЫҰ-ның үш себетіндегі мәселелерді оң шешу арқылы жауап беруге болады.

РОССИЙСКОЕ АГЕНТСТВО МЕЖДУНАРОДНОЙ ИНФОРМАЦИИ **РИА НОВОСТИ**

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Марк Перрен де Бришамбо Астанада өткізілетін саммиттің 11 жылдан кейінгі форум екенін айтып, оның болуына бірнеше фактордың әсер еткеніне тоқталды. Оның қатарында Ресей Федерациясының Президенті Дмитрий Медведевтің Еуропаның қазіргі замандағы қауіпсіздігіне тексеру (ревизия) жүргізу мен еуропалық қауіпсіздік келісімі жайлы ұсыныстары да ықпалын тигізген.

Бас хатшы маңызды фактор қатарына Қазақстан төрағалығын жатқызып, Президент Назарбаев Ұйымның маңызын көтеруде көп жұмыс атқарды, деп бағалады.

КЕЗДЕСУЛЕРДІҢ ЖИІЛЕГЕНІ ЖАҚСЫ

ИЗВЕСТИЯ

Армения Таулы Қарабақ мәселесіндегі Ресейдің араағайындығына разылығын білдіреді, деді осы елдің Президенті Серж Саргсян Кремльде Ресей басшысы Дмитрий Медведевпен кездесуі барысында. Жақын арада Астана Саммитінде осы мәселе бойынша шешім алынады деп үміттенеміз дегеннен соң әрі қарайғы кездесу журналистерге жабық болды.

Жалпы, осы бір созылмалы сырқат — Таулы Қарабақ дауы бойынша келіссөздер жүргізілуі соңғы уақытта жиіледі. 2 жылдың ішінде Ресей, Әзірбайжан, Армения қатысуымен ұшжақты кездесулер 7 рет өткізілді. Биылғы күзде Астрахань қаласында өткен кездесу аясында екі ортада тұтқындар алмасу жайында келісімге қол жетті.

СЫНДАРЛЫ ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРДЫ

ЗЕРКАЛО (Әзірбайжан)

Әзірбайжандық АПА агенттігінің хабарлауынша, ЕҚЫҰ-ның Іс басындағы тәрағасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы — Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев Ұйымның Тұрақты кеңесінің отырысында барлық мүше мемлекеттерді саммитте қабылданар қорытынды құжатты дайындауда сындарлы жұмысқа шақырды.

Іс басындағы тәраға 11 жылдан кейін өткізілгелі тұрған саммиттің маңызына тоқталып, қорытынды құжатта ЕҚЫҰ-ның болашақтағы әлеуетін арттыру, түрлі кикілжіндердің алдын алу мен олардың шешімін іздеу жолдары көрініс табуы керектігін атап көрсетті.

РИА Новости-дің хабарлауынша, Мәскеуде журналистерге арналған баспасөз мәслихатында ЕҚЫҰ Бас хатшысы Марк Перрен де Бришамбо Астанада 1-2 желтоқсан күндері болатын саммитте созылмалы кикілжіндер, оның ішінде Қап тауындағы мәселелер де көтерілетінін көлденең тартты.

Ал "REGNUM" Ақпарат агенттігі соңғы кездері Таулы Қарабақ мәселесін бейбіт жолмен шешуді қарастыратын ЕҚЫҰ-да арнайы құрылған Минск тобының жұмысы жанданғанын хабарлады.

ТЕҢГЕРІМДІ БОЛҒАНЫ ҰТЫМДЫ

EuroNews

Астанада жақын арада жұмысын бастайтын саммит Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының бірлігін нығайтып, өзара сенімді күшейтуге көмектеседі. Бұл Ұйымда соңғы жылдары жетімсіздігі сезілген мәселе болатын.

ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесінің отырысында Ұйымның Іс басындағы тәрағасы, ҚР Мемлекеттік хатшысы — Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев ЕҚЫҰ қауымдастығы саммитке келетін мемлекет және үкімет басшыларынан қауіпсіздікті нығайтуда Ванкувер және Владивосток арасындағы кеңістікте ынтымақтастық орнату ісінде бірауыздылық танытып Ұйым қызметіне серпін берілуін күтеді, деді.

Сондай-ақ Іс басындағы тәраға Қазақстан тәрағалығы саммиттің қорытынды құжатының Ұйымға мүше елдердің бірлігінің пікірлері ескеріліп, теңгерімді болғанын қалайтынын жеткізді.